


**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі**  
**Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы**

**Дене шынықтыру саласындағы мамандардың, педагогтердің біліктілігін**  
**арттыру зертханасының 2024 жылдың он айда атқарылған**  
**жұмыстарының**  
**ЕСЕБІ**


ҚР Оқу-ағарту министрлігі Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының ұйымдастыруымен «Дене шынықтыру педагогінің кәсіби құзыреттілігін дамыту» тақырыбындағы жалпы орта білім беру ұйымдарының дене шынықтыру педагогтеріне арналған біліктілікті арттыру курсына **5 393** дене шынықтыру пәнінің педагогі, «Мектепке дейінгі білім беру педагогтерінің, тәрбиешілері мен дене шынықтыру нұсқаушыларының кәсіби құзыреттілігі мен дағдыларын дамыту» тақырыбындағы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының дене шынықтыру нұсқаушыларына арналған біліктілікті арттыру курсына **400** дене шынықтыру нұсқаушысы және «Техникалық және кәсіптік білім беретін дене шынықтыру педагогтерінің кәсіби құзыреттілігі мен дағдыларын дамыту» тақырыбындағы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының дене шынықтыру пәнінің педагогтеріне арналған біліктілікті арттыру курсына **453** дене шынықтыру педагогі бюджеттік негізде кәсіби біліктілігін арттыру курсынан өтуі жоспарланған, жалпы саны – **6 246**.

**Орталықтың 2024 жылдың он айында атқарылған жұмыстарының ЕСЕБІ бойынша:**


1. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының 12 ақпан - 11 қазан аралығында **380** (90%) дене шынықтыру нұсқаушысы;



2. Жалпы орта білім беру ұйымдарының 22 сәуір - 04 қазан аралығында **4 058** (90%) дене шынықтыру педагогі;



3. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының 13 мамыр - 20 қыркүйек аралығында **341** (85%) дене шынықтыру педагогі біліктілікті арттыру курсынан өтті.



ҚР Оқу-ағарту министрлігі Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының бекітілген жоспарына сәйкес, 6 246 педагогтің **4 779** (88,44%) дене шынықтыру педагогі біліктілікті арттыру курсынан өтіп, мемлекеттік үлгідегі сертификаттар табысталды.

Қазіргі таңда біліктілікті арттыру курсының кестесіне сәйкес қазан-қараша айларында біліктілігін арттыру курсына **1 467** (11,55%) педагогтер оқытылады.

Курс тиімділігін анықтау және дене шынықтыру педагогтерінің мәселелері мен қиындықтарын айқындау мақсатында 17 өңір және Республикалық маңызы бар үш қала: Астана, Алматы және Шымкент қалаларының курс тыңдаушыларынан сауалнама алынды. Сауалнама қазақ және орыс тілдерінде жүргізілді. *4 779 педагогтен алынған сауалнаманың жалпы нәтижесі: Курс сапасы толық қанағаттандырылды (98,5%); Курс соңында кәсіби өсуі едеуір ұлғайды (80%); Біліктілікті арттыру курстарынан күткен үміттері толық ақталды (100%); Курс аяқталғаннан кейін ҰҒПДТО-дан болашақта практикалық көмек көрсету үшін біліктілікті арттыру курстарының мамандары аймақтарға шығып, үздіксіз байланыс жасау ұсынылды.* Сондай-ақ, мұғалімдердің төрттен бір бөлігі сабақ жоспары олардың кәсіби өсуін бақылауға көмектесетінін атап өтті.

Орталықтың профессорлық-оқытушылық құрамның ішінде 19% (74) - ғылым докторлары мен кандидаттары, PhD докторы; 41% - магистранттар, 26 % (98) педагог-шебер, педагог-зерттеуші, аға-оқытушылар, 14% (54) жаттықтыру, төреші, әдіскерлер сертификатталған тренер-оқытушылар болып табылады.

Сонымен қатар, мектепке дейінгі, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының біліктілікті арттыру кұсынан өткен тыңдаушыларға курстан кейінгі сүйемелдеу аясында Орталық дөңгелек үстелдер, вебинарлар, семинарлар сияқты бірқатар іс-шаралар өткізді. Сондай-ақ, «Дене шынықтыру хабаршысы» ғылыми-практикалық журналында біліктілікті арттыру курстары тыңдаушыларының мақалалары жарияланды.

Ағымдағы жылдың 19-29 тамыз аралығында біліктілікті арттырудың жылдық кестесіне сәйкес, Ақтөбе облысы бойынша 84 тыңдаушы бекітілген болатын. Айлық есеп тапсыру барысында Ақтөбе қаласы жалпы орта білім беретін «SMART BILIM» мектеп-гимназиясының 14 дене шынықтыру мұғалімі жеке мектеп білі беру ұйымында жұмыс жасайтыны анықталды. Ақтөбе қаласы білім басқармасы 14 тыңдаушыны мемлекеттік мекемеде жұмыс жасайтыны туралы ескертпе айтылғаннан, 84 тыңдаушыға тізім жасақталып, бекітілді. Бұл тыңдаушылардың сертификаты *2024 жылғы 08 қазандағы №157 бұйрықпен* күші жойылды.

19-29 тамыз аралығында Шымкент қаласы № 2 Оқушылар сарайының 1 педагогі қосымша білім беру ұйымына жататындығы анықталып, 1 тыңдаушыға берілген сертификаттың күші жойылды.

Аталған 15 тыңдаушының қажеттілігі жоспар бойынша облыстар бөлісіне қосып, тізімдер жасақталды.

**Бас директор**



**А. Ташметов**